

АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ПРОЦЕСС. ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ. БІЛІМ БЕРУ ҚҰҚЫҒЫ
ГРАЖДАНСКОЕ ПРАВО И ПРОЦЕСС. ТРУДОВОЕ ПРАВО. ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЕ ПРАВО
CIVIL LAW AND PROCESS. LABOR LAW. EDUCATIONAL LAW

ҒТАХР: 10.47.31
ӘОЖ 347.635.3

10.51889/2959-6181.2024.75.1.005

Ж.Е. Молдахметова¹ Г.Б. Меирбекова¹, А.Альшуразова²
¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
² Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМНІҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа

Мақала қазіргі құқықтық шындық жағдайында алименттік келісім институтының азаматтар арасында қызмет етуінің кеңеюіне байланысты өте өзекті тақырыпқа арналған.

Мақалада алименттік қатынастар саласында дамитын қоғамдық қатынастарды зерттей отырып, алимент төлеу туралы келісімдерді реттейтін қолданыстағы Қазақстан заңнамасының нормалары, соңғы жылдардағы сот тәжірибесінде көрсетілген отбасылық және азаматтық құқықтың отандық доктринасы және құқықтық ұстанымдарға сүйенетінін көрсетеді.

Сондықтан, қазіргі заманғы отбасы заңнамасы және азаматтық іс жүргізу доктринасы тұрғысынан Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша алимент төлеу туралы келісім институтының теориялық және практикалық аспектілерін зерттеу болып табылады.

Түйін сөздер: неке және отбасы, азаматтық құқық, ата-ана, бала, алимент, алименттік келісім, нотариус, сот.

Zh.Moldaxmetova¹, G.Meirbekova¹, A.A. Alshurazova²
¹ Abai Kazakh National Pedagogical University
² Mukhtar Auezov South Kazakhstan University

LEGAL CHARACTERISTICS
OF THE AGREEMENT ON ALIMONY PAYMENT

Abstract

The article is devoted to a very current topic related to the expansion of the institution of alimony agreement among citizens in modern legal reality.

The article examines the social relations that are developing in the field of alimony relations, and shows that the norms of the current Kazakh legislation governing alimony agreements are based on the domestic doctrine and legal positions of family and civil law, expressed in the judicial practice of recent years.

Therefore, from the point of view of modern family law and the doctrine of civil procedure, this is a study of the theoretical and practical aspects of the institution of an agreement on the payment of alimony under the legislation of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: marriage and family, civil law, parents, child, alimony, alimony agreement, notary, court.

Молдахметова Ж.Е.¹, Меирбекова Г.Б.¹, Альшуразова А.А.²
¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая
² Южно-Казахстанский университет им. Мухтара Ауэзова

ПРАВОВАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА СОГЛАШЕНИЯ ОБ УПЛАТЕ АЛИМЕНТОВ

Аннотация

Статья посвящена весьма актуальной теме, связанной с расширением института соглашения об алиментах среди граждан в современной правовой реальности.

В статье рассматриваются общественные отношения, складывающиеся в сфере алиментных отношений, и показано, что нормы действующего казахстанского законодательства, регулирующие соглашения об алиментах, основаны на отечественной доктрине и правовых позициях семейного и гражданского права, выраженных в судебной практике последних лет.

Поэтому с точки зрения современного семейного законодательства и учения гражданского процесса это исследование теоретических и практических аспектов института соглашения об уплате алиментов по законодательству Республики Казахстан.

Ключевые слова: брак и семья, гражданское право, родители, ребенок, алименты, соглашение об алиментах, нотариус, суд.

Kіріспе. Алимент төлеу туралы келісім Қазақстан заңнамасы үшін бірегей құбылыс болып табылады, өйткені ол мемлекеттің мәжбүрлеу күшін қолдана отырып, мәжбүрлеп орындалу мүмкіндігі берілген жеке-құқықтық сипаттағы жалғыз соттан тыс келісім болып табылады. Мұндай келісім келіспеушіліктерді шешудің соттан тыс тәсілі бола отырып, қоғамдық қатынастардың әртүрлі салаларына оң әсерін тигізеді. Алимент төлеу туралы келісімнің болуы әлеуметтік әділеттілік тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар таза заңды себептермен де толық негізделген. Алименттік міндеттеме тараптарына аз қамтылған отбасын асырау үшін ең қолайлы шарттарды өз бетінше келісуіне мүмкіндік береді.

Негізінде алименттік міндеттердің отбасы құқығы қатынастары бойынша құрылатынын білеміз. Өйткені, алимент белгілі бір уақыт ішінде қалыпты өмір сүру үшін өзін өзі қамтамасыз ете алмайтын отбасы мүшелерін материалдық жағынан қолдау, көмек көрсету болып табылады. Қазақстандық заң негізінде алимент өндіру екі негізде жүзеге асады. Біріншісі, заң негізінде, екіншісі келісім арқылы [1, 256 б.].

Негізгі бөлім.

Мәселені сот арқылы шешудің бірінші жолы тәжірибеде жиі кездеседі және алимент тағайындауға тап болған көпшілікке белгілі. Себебі, туыстар арасында туындаған мүлік мәселесін бейбіт жолмен шешу көп жағдайда қиынға соғады. Себебі, егерде келісім болмаса, міндеттеме бойынша еріксіз түрде тек заң арқылы қаржылай көмек ретінде алимент өндіріледі.

Ал алимент өндіріу туралы келісім арқылы алимент өндірудің заңда белгіленген анықтама берілмеген. Сондықтан, оны тәжірибеде қолдану мен түсіну біраз қиындыққа ұшыратады. Алимент төлеу келісім негізінде отбасы заңдары мен азаматтық іс жүргізу заңнамаларында сипатталған [2]. Бірақ сонымен бірге көптеген мәселелерді шешу үшін заң шығарушы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің баптарына сілтеме жасайды [3]. Құқық нормаларын ұсынудың сілтемелік тәсілі дұрыс ақпаратты іздеуді бәсеңдетеді және алимент туралы келісімді азаматтық-құқықтық немесе отбасылық құқық ретінде жіктеуде екіұштылықты тудырады.

Алиментті ерікті түрде төлеу тараптар арасында жасалған келісімге сәйкес жүргізілуі мүмкін. Алимент төлеу туралы келісім бойынша алименттер: а) алимент алушының

табысына қарай заңда белгіленген үлеспен төленуі; б) тұрақты төленетін мерзімді тұрақты ақша сомасында берілуі; г) белгілі бір мүлікті беру жағдайында; д) алименттік келісімге келген кезден бастап не болмаса өзге де тәсілдермен де төленуі керек [4, 105].

Егерде алимент келісімінің заңды анықтамасы болмаған жағдайда, көптеген ғалымдар бұл тұжырымдаманы өз бетінше ұсынуға міндеттенеді. Оқу құралдары мен мақалалардың авторларының едәуір бөлігі осы мүмкіндікті ықыласпен пайдаланады және өз көзқарастарын білдіреді. Соның арқасында бүгінгі күні әдебиеттерде алименттік келісімдердің көптеген анықтамалары бар, олар жеке пікірді қалыптастыруға негіз бола алады.

Заң ғылымының ресейлік маманы Дзюбровская Л.В., «келісім» және «алимент» ұғымдарын бөлек аша отырып, алименттік келісімнің анықтамасын оның құрамдас бөліктеріне бөлшектеуге шешім қабылдады. Людмила Витальевна өз мақаласында алимент төлеу туралы келісімдерге анықтама бере отырып, өз ойын былайша қорытындылады: «Алимент төлеу туралы келісім – бұл отбасы мүшелерінің өзара келісін немесе алименттік келісін айқындайтын императивтік және диспозитивтік нормаларды біріктіретін сала ішілік ерекшеліктері бар дербес отбасылық құқықтық институт. Еліміздің отбасылық заңнамасында белгіленген алимент алуға құқықтарды және жеке әр түрлі өмірлік жағдайларды ескере отырып, оны қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған бұрынғы отбасы мүшелеріне төленетін келісім» [5, 167 б.]. Тұжырымдалған анықтама заңдық табиғатынан бастап белгілі бір келісімді қарауға жеке көзқараспен аяқталатын алименттік келісім туралы барлық негізгі ақпаратты қамтиды.

Келесі қазақстандық авторлар Молдашева А.К., Сариева А.Б. мынадай анықтама береді: "Алимент келісімі алимент төлеуші мен алимент алушының арасында жасалған ерікті келісім. Ол заң күші бойынша белгілі бір мерзімге бір мөлшерде және бір нысанда ақшалай, заттай берілетін нотариат арқылы куәландырылатын бір жолғы төлеммен жүзеге асырылатын келісім болып табылады". Ата-анадан алынатын алименттен басқа, балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін қосымша соманы ұстап қалуға болатынын айта кеткен жөн. Әрине, ерекше жағдайлар да бар – ауыр сырқаттар, кәмелетке толмаған балалардың жарақаты немесе ересектердің еңбекке жарамсыздығы, егер оларға сырттан күтім жасау қажет болса, көмекке мұқтаж балалар және т.б.

Кәмелетке толмаған балаларды материалдық қамтамасыз ету үшін төленетін алимент балалардың қалыпты өмір сүруінің көздерінің бірі болып табылады. Олар кәмелетке толмаған балаға лайықты материалдық қолдау көрсету болып табылатын нақты мақсатпен жүзеге асырылады [6, 170 б.]. Жоғарыда аталған автордың көзқарасымен келісуге болады, бірақ толық емес, өйткені алимент ай сайын талап етілетін мерзімде және тек қана ақшалай түрде төленуі керек деген ұстанымға бейім адамдар үшін бұл тиімді емес, өйткені бұл алименттік келісімнің мәні бұл міндеттеме біржолғы көмек көрсету арқылы жүзеге асыру қиын болатын алиментке мұқтаж адамның қалыпты өмірін сақтауға негізделген.

Жалпы алғанда, алимент төлеу туралы келісімнің анықтамаларының көпшілігі бір-біріне ұқсас және көптеген ортақ белгілерге ие, бірақ әлі де көптеген авторлар қозғайтын даулы бір мәселе бар – алимент туралы келісімнің құқықтық табиғаты. Бұл мәселеде ғалымдар екіге бөлінеді. Біріншілері алименттік келісімді азаматтық құқықтық шарт деп таныса, екінші жағы ол келісімнің отбасылық құқықтық сипатын қолдап отыр. Бұл екі жақты пікірдің екеуін де қолдамау мүмкін емес, өйткені, нақты деректермен расталып, елемуге болмайтын дәлелдермен беріліп отыр.

Алимент төлеу туралы келісімнің азаматтық-құқықтық сипаты бойынша баға беретін авторлардың көпшілігі алименттік келісім, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен реттелетініне сілтеме жасайды. Демек, алименттік келісімде шарт мәміленің көптеген белгілері мен негіздері бар екендігі жайлы көзқарастарын растайды. Атап айтатын болсақ, олар, шарт не келісім тараптарының өз пікірін білдіру еркіндігі, олардың құқықтары мен міндеттерін анықтау, тараптардың теңдігі, шарт элементтері мен тізімдерінің толық болуы оны азаматтық құқықтық шарт ретінде жіктеуге құқық береді. Дегенмен, алименттік

келісімді тереңірек зерделеу азаматтық шарттарда қолданылмайтын, басқа да нақты сипаттамалары бар екенін жеке көрсетуге мүмкіндік бере алады.

Ал алименттік келісімді өзіндік табиғаты бойынша отбасылық құқықтық шарттарға жатқызатын авторлардың айтар дәлелдері: алименттік келісімнің біржақты сипатта болатынын алға тартады. Өйткені, алимент алушы алимент төлеудің шарттары мен талабын белгілеп, оның орындалуына мүдделі болады. Ал алимент төлеуші осы қойылған талаптарға жауапты болып қалады.

Ресейлік ғалым А.М. Нечаева неке шартын мысалға ала отырып, алименттік келісімге өз сипаттамасын ұсынады: «Біз азаматтық-құқықтық шарт туралы жеке тұлғалар арасында жасалған мүліктік сипаттағы мәміле туралы емес, бірақ өте бірегей келісім туралы айтып отырмыз. тағдыры олардың жеке қатынастарына негізделген» [7, 134 б.].

Алимент төлеу туралы келісімге келетін болсақ, А.М. Нечаеваның пікірі орынды және негізді, өйткені алимент төлеу туралы келісім нақты сипатқа ие, оның негізгі мақсаты отбасы мүшелерінің жеке қатынастарын реттеу болып табылады.

Алименттік келісімдердің анықтамасы бойынша үшінші көзқарас бар, кейбір авторлар келісімнің бұл түрі шарт емес, екі жақты отбасылық құқықтық акт ретінде жіктеледі. Бұл көзқарас мына дәлелдерді негізге ала отырып сипаттама беріледі: "Алименттік міндеттеме заңнан туындағандықтан, ол азаматтық құқықтар мен міндеттердің туындап, белгіленуіне, өзгеруіне, және тоқтатылуына негіз болмайды. Демек, алименттік келісім бар болған құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыра отырып, заңда көзделген алиментті төлеуді өзгертетін – алимент төлеу нысандарын көрсету тәсілі" [8, 98 б.].

Отбасы және неке (ерлі-зайыптылық) туралы кодекспен алимент бойынша келісім жасауға нотариустармен қатар, медиаторлар, адвокаттар, заң консультанттары палатасының мүшелеріне де құзырет берілді. Нақты айтсақ, енді нотариус, медиатор жасайтын алименттік келісім, соттан тыс болып табылады. Өйткені, нотариус дау тумаған кезде алименттік келісімді бекітсе, медиатор дау мен жанжалды реттей отырып, алимент төлеуді ретке келтіріп, жазбаша келісім жасайды.

Ата-аналар мен балалардың арасында туындайтын ең өткір сұрақтардың бірі – осы алимент төлеу болғандықтан, бұл өзгеріс балалардың өздеріне тиесілі көмекке қолжеткізу мүмкіндігін арттырады [9].

Жоғарыда аталған авторлардың кез келгенімен мүлдем келісу қиын, өйткені барлық пікірлер мағынасы бар және алимент төлеу туралы келісім бойынша азаматтық заңнамалар мен отбасы заңнамаларына толықтырулар мен өзгертулер енгізуге мүмкіндік береді. Өйткені, бұқаралақ ақпарат құралдарында осы мәселе бойынша көптеген ақпараттар жиналған – алименттік келісімнің анықтамасы. Кейбіреулерімен дұрыс таңдалған дәлелдер мен мысалдардың арқасында келісуге болады. Ал басқалары одан әрі рефлексия, жеке көзқарасты қалыптастыру және, мүмкін, баланы алимент туралы келісімнің анықтамасын ұсыну үшін идея ретінде ұсынылады.

Қорыта келгенде, осы жұмыста зерттелген тақырып бойынша алименттік келісімнің жеке анықтамасын тұжырымдауға болады, мысалы, Алименттік келісім дегеніміз бірінші тарап, алимент төлеуші тарап пен екінші тарап алимент алушы тараптың арасында жазбаша түрде жасалған, алимент төлеудің шарттарын, тәртібі мен мөлшерін реттейтін құжат. Сонымен бірге, алимент ол ай сайынғы сипатқа ие және берік нысанда ұсынылатын ақшалай валюта.

Отбасы мүшелерінің алименттік құқықтық қатынастарын қазіргі кезеңге сай жетілдіру үшін, алимент төлеуді қамтамасыз етудің жария құқықтық кепілдіктерін толықтыру қажет. Сондықтан, отбасының жекелеген мүшелерінің алимент алуға құқығын қамтамасыз ету мақсатында жеке және жария мүдделерінің арақатынасы байланысы арқылы мұқият қарауды қажет етеді [10, 106 б.].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Гончаренко, Е.В. Соглашения об уплате алиментов: правовая природа, соотношение с иными договорами / Е.В. Гончаренко // Семейное и жилищное право. – 2016. – №3. – С. 14-18.
2. Қазақстан Республикасының Неке (Ерлі зайыптылық) және Отбасы туралы 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> (Жүгіну уақыты 20 қараша 2023 жыл)
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) 1994 жылғы 26 желтоқсандағы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (Жүгіну уақыты 20 қараша 2023 жыл)
4. Меирбекова Г.Б., Альшиуразова А.А. Алименттік міндеттемедегі жауапкершілік негіздері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Юриспруденция» сериясы, №3 (57), 2019 ж -33-36 бб
5. Дзюбровская, Л.В. Соглашение об уплате алиментов - самостоятельный семейно-правовой институт / Л.В.Дзюбровская // Семейное и жилищное право. – 2012. – №6. – С. 13-16.
6. Молдашева А.К., Сариева А.Б.. Порядок истребования алиментов и необходимые процедуры по их реализации Республике Казахстан // Наука и образование сегодня –2018 – № 12. С.52-56
7. Нечаева, А.М. Семейное право: учебник для академического бакалавриата / А.М.Нечаева. - 7-е изд., перераб. и доп. – М.: Юрайт, 2015. - 303 с.
8. Жалмухамбетова У.В. соглашение об уплате алиментов // <https://zanmedia.kz/sudya-minberi-sudebnaya-sistema/74024/>(Жүгіну уақыты 25 қараша 2023 жыл)
9. Урстембай Н. Алимент бойынша келісім түрі көбейді // <https://zanmedia.kz/sudya-minberi-sudebnaya-sistema/64194/>(Жүгіну уақыты 25 қараша 2023 жыл)
10. Меирбекова Г.Б. Алименттік міндеттемелерді өндіріп алу және төлеу тәртібі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің ХАБАРШЫСЫ, «Юриспруденция» сериясы, №3 (57), 2019 ж – 30-33 бб.

References:

1. Goncharenko, E.V. Soglasheniya ob uplate alimentov: pravovaya priroda, sootnosheniye s inymi dogovorami / E.V. Goncharenko // Semejnoe i zhilishhnoe pravo. – 2016. – №3. – S. 14-18.
2. Қазақстан Республикасының Неке (Ерлі зайыптылық) және Отбасы туралы 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518> (Zhyginu uaqyty 20 karasha 2023 zhyl)
3. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) 1994 жылғы 26 желтоқсандағы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000> (Zhyginu uaqyty 20 karasha 2023 zhyl)
4. Meirbekova G.B., Al'shurazova A.A. Alimenttik mindettemedegi zhauapkershilik negizderi // Abaj atyndazy QazYPU-niñ HABARShYSY, «Jurisprudenciya» serijasy, №3 (57), 2019 zh -33-36 bb
5. Dzubrovskaja, L.V. Soglasheniye ob uplate alimentov - samostojatel'nyj semejno-pravovoj institut / L.V.Dzubrovskaja // Semejnoe i zhilishhnoe pravo. – 2012. – №6. – S. 13-16.
6. Moldasheva A.K., Sarieva A.B.. Porjadok istrebovaniya alimentov i neobhodimye procedury po ih realizacii v Respublike Kazahstan // Nauka i obrazovanie segodnja –2018 – № 12. S.52-56
7. Nechaeva, A.M. Semejnoe pravo: uchebnik dlja akademicheskogo bakalavriata / A.M. Nechaeva. - 7-e izd., pererab. i dop. – М.: Jurajt, 2015. – 303 s.
8. Zhalmuhambetova U.V. Soglasheniye OB UPLATE ALIMENTOV // <https://zanmedia.kz/sudya-minberi-sudebnaya-sistema/74024/>(Zhyginu uaqyty 25 karasha 2023 zhyl)
9. Urstembaj N. Aliment bojnynsha kelisim tyri kobejdi // <https://zanmedia.kz/sudya-minberi-sudebnaya-sistema/64194/>(Zhyginu uaqyty 25 karasha 2023 zhyl)
10. Meirbekova G.B. Alimenttik mindettemelerdi endirip alu zhane toleu tartibi // Abaj atyndazy QazYPU-niñ HABARShYSY, «Jurisprudenciya» serijasy, №3 (57), 2019 zh -30-33 bb.